

**«Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік
одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ-дағы қолданыстағы
кәсіподақтық оқыту жүйесінің тиімділігін бағалау туралы
АНЫҚТАМА**

1. Зерделеу мақсаты мен нысанасы.

Талдау жүргізудің мақсаты – «Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» ҚБ-да (бұдан әрі – Облыстық ұйым) қолданыстағы кәсіподақтық оқыту жүйесінің жұмыс істеу тиімділігін бағалау, оның күшті жақтары мен проблемалық тұстарын айқындау, сондай-ақ кәсіподақ ұйымдары мен кәсіподақ активінің қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

2. Облыстық ұйымға қысқаша сипаттама.

2026 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Облыстық ұйым **614** бастауыш кәсіподақ ұйымын біріктіреді, кәсіподақ мүшелерінің жалпы саны **33 557** адамды құрайды.

3. Оқытудың нормативтік-ұйымдастырушылық негізі.

Кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыру төмендегі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

- «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің кәсіподақ кадрлары мен активтерін оқыту тұжырымдамасы;
- 2024–2025 жылдарға арналған кәсіподақ кадрлары мен активін оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық;
- 2024 жылғы 25 желтоқсандағы және 2025 жылғы 25 желтоқсандағы Атқару комитеті отырыстарында бекітілген кәсіподақтық оқыту жоспары.

Облыстық ұйымда 2016 жылғы 24 маусымдағы Атқару комитетінің № 8 қаулысы негізінде құрылған әдістемелік кабинет жұмыс істейді. Барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақтық оқыту мектептері қызмет атқарады. Облыстық ұйым оқу-әдістемелік материалдарды ұсыну, консультациялық қолдау көрсету, кері байланыс ұйымдастыру бағытында әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

Оқытуды ұйымдастыруға қатысты құжаттама (жоспарлар, бағдарламалар, қатысушылар тізімдері, есептік материалдар, хат-хабар, әдістемелік материалдарды тарату, жиынтық анықтамалар) жүйелендіріліп, іс жүргізудің жеке папкаларында жинақталған.

Облыстық ұйымдағы оқытуды ұйымдастыруға жауапты тұлға ретінде жоспарлау, оқыту іс-шараларын дайындау және өткізу, сондай-ақ бастауыш ұйымдарға әдістемелік қолдау көрсету функцияларын жүзеге асыратын маман ретінде А.Ж. Серімбетов тағайындалған.

3. Қолданыстағы оқыту практикасы және нәтижелерді бағалау.

Кәсіподақтық оқыту – кәсіподақ мүшелерін ақпараттандыруға, практикалық құзыреттерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған іс-шаралар кешені. Оқыту аясында еңбек заңнамасы және еңбек құқықтарын қорғау, ұжымдық-шарттық реттеу, келіссөздер жүргізу, тиімді коммуникация, қаржылық және ақпараттық сауаттылық, сондай-ақ өзге де өзекті тақырыптар қарастырылады.

Оқытудың негізгі формалары:

- тақырыптық семинарлар;
- семинар-кеңестер;
- семинар-тренингтер;
- семинар-практикумдар;
- дөңгелек үстелдер;
- тәжірибе алмасу;
- еңбек ұжымдарында көшпелі оқыту іс-шаралары.

Іс-шараларды жоспарлау кезінде көбінесе қысқа мерзімді форматтарға басымдық беріледі. Тұрақты негізде (ай сайын) аудандық және қалалық комитеттердің алаңдарында бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларының қатысуымен оқыту іс-шаралары, сондай-ақ білім беру ұйымдарында көшпелі оқыту сессиялары өткізіледі.

Оқытудың сапасы мен практикалық тұрғыда қолдануын бағалау мақсатында іс-шаралар қорытындысы бойынша қатысушыларға сауалнама жүргізіледі, сондай-ақ мүшелік ұйымдар өкілдерімен іріктемелі зерттеу бойынша сұхбаттар өткізіледі. 2026 жылдан бастап сауалнама QR-кодтарды қолдану арқылы цифрлық форматта ұйымдастырылады.

Жыл сайын оқыту қорытындылары шығарылған кезде іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудегі кемшіліктер анықталып, соның негізінде келесі жылға арналған оқыту жоспарларына тиісті түзетулер енгізіледі. 2024–2025 жылдарға арналған оқытуды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдарына жеткізілді. Өткізілетін оқыту іс-шаралары туралы ақпарат Кәсіподақтың ресми әлеуметтік желілерінде жарияланады.

5. Кәсіподақтық оқытудың сандық көрсеткіші.

2024 жылы 5 673 адамды қамтыған 29 оқыту іс-шаралары өткізілді.

2025 жылы 64 оқыту семинарлары өткізіліп, оған 6 101 адам қатысты.

Кәсіподақтық оқытудан өткендер саны туралы мәлімет:

№	Показатель	01.01.2025 жылы	01.01.2026 жылы
1.	Кәсіподақ мүшелерінің жалпы саны	33 468	33 557
2.	Кәсіподақтық оқытудан өткендер саны. Оның ішінде:	5 673	6 101
3.	кәсіподақ мүшелері	1 494	1 597
4.	тексеру комиссияларының мүшелері	545	593
5.	кәсіподақ активі	238	1 131
6.	кәсіподақ ұйымдары-ның төрағалары	583	522
7.	келісу комиссияларының мүшелері	2 813	2 258
8.	Оқытудан өткендердің кәсіподақ мүшелерінің жалпы санына шаққандағы пайызы	16,9%	18,1%

6. Оқытуды қаржылық қамтамасыз ету. Кәсіподақтың бірыңғай талаптарына сәйкес кәсіподақ кадрларын даярлауға және кәсіподақ активін оқытуға арналған шығыстар кәсіподақ органының сметасының шығыс бөлігінің кемінде 10%-ын құрауға тиіс. Оқытуға нақты бағытталған қаражат үлесі: 2025 жылы – 8%, 2026 жылы – 10% болды, бұл қаржыландырудың артқанын және оның белгіленген нормативке сәйкестендірілгенін көрсетеді.

7. Тиімділікке әсер ететін анықталған факторлар.

Оң факторлар:

- бекітілген оқыту жоспарларының болуы және жүйелі жолға қойылған әдістемелік сүйемелдеу;
- барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдарында кәсіподақтық оқыту мектептерінің ұйымдастырылуы;
- оқыту іс-шараларының жүйелі өткізілуі және оқытудың белсенді әдістерін қолдану (практикалық міндеттерді шешу, кейстерді талдау, ситуациялық модельдеу, пікірталас форматтары);
- 2026 жылдан бастап цифрлық сауалнаманы енгізу және кері байланыс жүйесін дамыту.

Назар аударуды қажет ететін мәселелер:

- бастауыш ұйымдардың сұраныстарына сәйкес оқыту тақырыптары мен бағдарламаларын неғұрлым дәл бейімдеу қажеттілігі (бағдарламаларды «төменнен» қалыптастыру);
- қысқа мерзімді оқыту форматтары басым болған жағдайда практикалық нәтижеліліктің төмендеу қаупі;
- жекелеген бағыттар бойынша нысаналы әдістемелік қолдауды күшейту қажеттілігі (құқықтық, қаржылық және ақпараттық сауаттылық).

8. Кәсіподақтық оқытудың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар. Кәсіподақ мүшелерінің, кәсіподақ активінің және тексеру комиссиялары мүшелерінің құқықтық, қаржылық және ақпараттық сауаттылығын арнайы бағдарламалар мен материалдар арқылы арттыру бойынша жұмысты жандандыру.

Өткізілген семинарлар мен тренингтердің қорытындылары бойынша әдістемелік материалдарды (практикалық ұсынымдар, тақырыптық жинақтар, кейстер) әзірлеуді және оларды тұрақты түрде жаңартуды жалғастырып, бастауыш кәсіподақ ұйымдарына жүйелі түрде таратуды қамтамасыз ету.

Бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы кәсіподақтық оқытудың жүйелі мониторингін ұйымдастыру: қамтылуды есепке алу, пайдалылық деңгейін және алынған білімнің практикалық тұрғыда қолданылуын бағалау, сұраныстар мен нәтижелерді талдау, қорытындыларды Облыстық ұйым деңгейінде тұрақты түрде қарау және соның негізінде оқыту жоспарларын кейіннен түзету.

**Кәсіподақтың ОК аппаратының
ұйымдастыру жұмысы бөлімінің
бас маманы**

И. Сақауова